

**Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы  
Директоратының "Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық біріздендіру  
нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы" 2001 жылғы 15 мамырдағы N 828  
қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы N 139 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 4 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5299 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 қазандағы N 158 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 158 Қаулысымен.

----- Қаулыдан үзінді -----

Бағалы қағаздар рыногын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі - Агенттік) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . . . . .

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа е н г і з і л е д і .

3. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап осы қаулының қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

4 . . . . .

5 . . . . .

6. ...

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
Басқармасының 2008 жылғы  
29 қазандағы N 158 қаулысына

қосымша

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1	.	.	.	.
2	.	.	.	.
3	.	.	.	.
4	.	.	.	.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының "Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы" 2001 жылғы 15 мамырдағы N 828 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" 2008 жылғы 22 тамыздағы N 139 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5299 тіркелген).

Нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының "Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы" 2001 жылғы 15 мамырдағы N 828 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1569 тіркелген, 2002 жылғы тамыз айында Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілер жинағында жарияланған, 5-том) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы" 2001 жылғы 15 мамырдағы N 828 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2312 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Мемлекеттік бағалы қағаздарға Ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы" 2001 жылғы 15 мамырдағы N 828 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2004 жылғы 25 қазандағы N 301 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3240 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Мемлекеттік бағалы қағаздарға Ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы"

2001 жылғы 15 мамырдағы N 828 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 26 наурыздағы N 104 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3593 тіркелген)) енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге мынадай толықтырулар мен өзгеріс е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік бағалы қағаздарға Ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар):

кіріспесі "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздерден кейін " және республикалық мәндегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтың 5) тармақшасы "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздерден кейін "және республикалық мәндегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) республикалық мәндегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік бағалы қағаздары үшін осы бағалы қағаздардың мынадай түрлері бойынша сипаттамасы:

1 ) о р т а м е р з і м д і ;

2 ) ұ з а қ м е р з і м д і ;

3 ) индекстелген орта мерзімді;

4) индекстелген ұзақ мерзімді;"

7-тармақтың 3) тармақшасындағы "6" деген цифр "6-1" деген цифрлармен ауыстырылсын;

18-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) жергілікті атқарушы органдарына қатысты қысқартылған атауды қолдануға жол берілмейді;"

Қағидаларға 1 - қ о с ы м ш а д а :

3-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"2-1) "А" - Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы;

2-2) "Z" - Астана қаласының жергілікті атқарушы органы;"

4 - т а р м а қ т а :

13) тармақшадағы "." деген тыныс белгісі ";" деген тыныс белгісіне а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 14)-17) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) "Е" рәмізі - республикалық мәндегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының орта мерзімді бағалы қағаздары;

15) "F" рәмізі - республикалық мәндегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ұзақ мерзімді бағалы қағаздары;

16) "G" рәмізі - республикалық мәндегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының орта мерзімді индекстелген бағалы қағаздары;

17) "H" рәмізі - республикалық мәндегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ұзақ мерзімді индекстелген бағалы қағаздары."

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Лицензиялау департаменті (Н.Қ. Қасқаманова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне, республикалық мәндегі қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарына мәлімет үшін жеткізсін.

4. Агенттіктің Төрайым қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары М.Б. Байсыновқа жүктелсін.

*Төрайым*

*Е. Бахмутова*